



«БЕКІТЕМІН»  
ҚР ЕЖЕМ «Ұлттық тестілеу центр  
орталығы» РМКК директоры  
Емелбаев Р. Т  
2023 г.

**«Ағылшын тілі» пәні бойынша**  
**Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы**  
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)

- Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмалырын өзірлеу.
- Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- Мазмұны:** «01140100 Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі», «01140600 Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы, 4S01140102 - Шетел тілінен бастауыш білім беру мұғалімі, 4S01140605 - Шетел тілі мұғалімі біліктіліктеріне арналған «Ағылшын тілі» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпиша
01	Ағылшын тілінің дыбыстық құрылымы және компоненттері туралы үғым.	01	Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Интонация.
		02	Негізгі интонациялық құрылымдар.
02	Сөз таптары	03	Зат есім. Сын есім. Етістік. Есімдік. Сан есім
03	Ашық, бүйрек және қалау райлар. Ырықсыз етіс. Шактардың байланысуы, төл және төлеу сөз. Модальдық еістіктер.	04	Етістіктің шақтық-түрлік формалары. Ағылшын тіліндегі сөйлемдердің құрылымы, сұрақтың түрлері. Шартты сөйлемдер.
		05	Шактардың байланысуы Ырықсыз етіс. Модальдық еістіктер. Төл және төлеу сөз.
04	Адам өмірі. Ағылшын және қазақ жазушылары. Қазақстанның және Ұлыбританияның қалалары.	06	Ағылшын және қазақ жазушылары. Чарльз Диккенс. Абай Құнанбаев. Білім беру жүйесі
		07	Оқу-іс әрекеті. Дәрігерге бару. Ағылшын тағамы. Қазақ тағамдары. Менің отаным. Менің елімнің астанасы.
		08	Ұлыбритания. Ұлыбритания Біріккен Корольдігіне кіретін елдер.
05	Қазақстанның және Ұлыбританияның білім беру және деңсаулық сақтау жүйесі, спорты және демалысы.	09	Лондон. Ұлыбританияның білім беру жүйесі. Ұлыбританияның спорт ойындары
		10	Аурулардың түрлері мен жарақаттар

Мәннәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).

#### **4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:**

##### **Ағылшын тілінің дыбыстық құрылымы және компоненттері туралы ұғым:**

Ағылшын дыбыстарының артикуляциясы. Сөздің дыбыстық және әріптік құрамы. Дыбыс пен әріп қатынасы. Фонетикалық транскрипция туралы ұғым. Ағылшын тілінің айтылу нормасы. Ағылшын тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстарды негізгі жіктеу принципі. Дауыссыз дыбыстар [k, g, t, d, n, s, z, θ, ð, r, b, m], дауысты дыбыстар [i, e]. Ағылшын әріптерін айту ережелері. [l, f, v, j] дауыссыз дыбыстары және [ə] дауысты дыбысы. Ассимиляция. Интонация туралы ұғым. Интонациялық үлгінің құрылымы. Негізгі интонациялық үлгілер туралы ұғым. Сейлемді мағыналы топтарға бөлінуі, олардың айтылуы.

Ағылшын дауысты және дауыссыз дыбыстарын классификациялау ережелері. Дауысты және дауыссыз дыбыстарының ерекшеліктері мен айырмашылықтары. Ағылшын дауысты және дауыссыз дыбыстарының артикуляциясы. Дифтонгтар [i], [e], [u] төмендеп барып жоғарылайтын тон (Fall-Rise).

**Сөз таптары :** Зат есім. Артикльдің түрлері және оны қолдану жолдары. Зат есімдердің жасалуы, түрі. Етістік. «to be» етістігінің жіктелуі. Негізгі көмекші етістіктер. Сілтеу есімдіктері. Зат есімнің көпше түрінің жасалу жолдары. Жіктеу есімдігі. Септіктерді салыстыру. Тәуелдік есімдік. Сын есімнің шырайлары. Белгісіздік есімдіктер: some, any, no, және осы есімдіктердің күрделі түрлері. Есімдіктер. Сын есімдер: much, many, (a) little, (a) few және олардың баламалары. Қимыл, мекен және бағытты білдіруші шылаулар. Сан есім. Сан есімдердің жасалуы және олардың қолдану жолдары.

**Ашық, бұйрық және қалау райлар. Ырықсыз етіс. Шактардың байланысуы, төл және төлеу сөз. Модальдық еістіктер:** Рай, сөйлеуші пікірінің ақырат шындыққа қатысын білдіретін етістіктің түрі. Оның Indicative Mood, Imperative Mood, Subjunctive Mood, Conditional Mood түрлері. Ашық рай өтініш, бұйрық, ақыл – кенес, шакыру, тыйым салу т.б. Етістіктің шақтық-түрлік формалары, етістері. Conditional Mood осы шак түрі (would be, would do), өткен шак түрі (would have been, would have gone). The Sequence of Tenses. Future Indefinite in the Past. Future Perfect in the Past. Төлеу сөздегі шактардың алмасу тәртібі. Модальдық етістіктер.

**Адам өмірі . Ағылшын және қазақ жазушылары. Қазақстанның және Ұлыбританияның қалалары :** Отбасы. Отбасы құрамы. Тұыстық қатынас. Суреттеріне қарап отбасы мүшелерін сипаттау. Артикльдің атаулы зат есімдермен қолданылуы. Белгісіз артикльдің сандық мағынасы. Үй. Жаңа қонысқа көшу. Пәтер және оның жабдығы. Жаңа пәтерге көшу. Пәтер іздеу. Ұлыбританияның тұрғын үй жағдайы. Студенттің бір күні. Студенттің демалыс күні. Студенттің бос уақыты. Менің күнім. Менің жұмыс күнім. Жұманың сонғы күндері. Демалыс. Табиғатта демалуды ұйымдастыру. Теніз жағалауында.

Менің сүйікті ақынның немесе жазушым. Чарлз Диккенс. Роберт Бернс. Шоқан Уалиханов. Абай Құнанбаев. Дүние жүзі картасы алдында. Құрлықтар, мұхиттар, елдер, астаналар, халықтар мен тілдер. Қазақстанның және Ұлыбританияның географиясы. Ағылшын тілі сабағы. Біздің колледждің тарихы. Кітапханада. Оқу-іс әрекеті. Сабакты ұйымдастыру. Ағылшын тілі кабинеті. Менің туған қалам. Менің туған қаламның көрікті жерлері. Демалыс. Табиғатта демалуды ұйымдастыру. Дүкен және сауда жасау. Дүкеннің түрлері. Менің болашақ мамандығым. Мамандық таңдау. Лондонның көрнекі жерлері. Астанаға бару. Тамак дайындау. Қазақтың ұлттың тағамдары.

**Қазақстанның және Ұлыбританияның білім беру және денсаулық сактау жүйесі, спорты және демалысы :** Қазақстанның және Ұлыбританияның білім беру жүйесі. Аурулар және олардың емі. Аурулардың атаулары. Қазақстанның және Ұлыбританияның денсаулық сактау жүйесі. Евразия Ұлттық Университеті. Кембридж Университеті. Менің колледжім. Қазақстанның және Ұлыбританияның спорт ойындары. Олимпиада ойындары. Туризм түрлері. Қазақстанның және Ұлыбританияның туризмі. Саяхат.

Театр. Біздің қала театры. Ұлыбританияның және Лондонның театрлары.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қындығы:** Тест тапсырмаларының қындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (A) – 25 %; орташа деңгейде (B) – 50 %; жоғары деңгейде (C) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ен төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жана жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты тандауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмасын орындау уақыты:** Бір тапсырманы орындау ұзактығы орташа -1,5-2 минут.

**8. Бағалау:** Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап тандалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

**9. Ұсынылған әдебиеттер тізімі:**

- 1.Аракин В.Д. «Практический курс английского языка». 1 курс Москва, Владос , 2008г.
2. Аракин В.Д. «Практический курс английского языка».2 курс Москва, Владос , 2008г.
3. Ю.Голицынский. Грамматика. Сборник упражнений.КАРО. Санкт-Петербург-2009г.
- 4.Voytenok V., Voytenko A. «Conversational English». –Москва: 2003.
5. English Grammar in Use R.Murphrey 4<sup>th</sup> edition 2012
6. Great Britain Голицынский Ю.Б Санкт-Петербург 2008г.
7. The United Kingdom of Great Britain and Northern Ireland УМП автор Мишина А.В электронный учебник 2016 г.
8. English 10 th grade Ауарова 2006 ж. Мектеп
- 9.English File Intermediate/ Upper intermediate 3<sup>rd</sup> edition
10. Oxford Advanced. Learner's dictionary.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы  
Оқу-ағарту министрлігінің  
Техникалық және кәсіптік  
білім департаменті

(Коль) (Т.А.Ә)  
«\_\_\_» 2023ж.

*Мол* *Ат* *Ал*  
*С.Алф*

*Алматис* *Ал*